ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 01 маусым №3115-23-00-2/886 Тараз қаласы

Жамбыл облысы мамандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева қойылған талап қою бойынша азаматтық істі оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Азаматтарға арналған үкімет» Мемелекеттік Корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Yelyubayeva» Асель Амантаевна Елюбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272 бабын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4 бабын, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Азаматтарға арналған үкімет» Мемелекеттік Корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «Yelyubayeva» Асель Амантаевна Елюбаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Yelyubayeva» Асель Амантаевна Елюбаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Yelyubayeva» Асель Амантаевна Елюбаевадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) тенге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызын келіп түскені және оның оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарымын шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Шешім 01 маусым 2023 жылы шығарылды.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенбиева Б. С., 01.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.07.2023, судья Байдаулетова Ж. Е., 17.07.2023

3115-23-3-1/1103